Тілдің сөздік құрамы өзінің ішкі мүмкіншіліктерімен қатар өзінде жоқ сөздерді өзге тілдерден ауысып алуы арқылы да толығып, байып отырады. Ел мен елдің арасындағы әртүрлі дәрежедегі қарым-қатынас, байланыс нәтижесінде бір тілден екіншісіне сөз ауысып, кірме сөздердің еніп отыруы қалыпты жағдай. Сондықтан тілдің өзіндік сөзжасам тәсілдерімен емес, басқа тілдің ықпалымен жасалған, дыбыстық тұлғасы мен мағынасы өзге тілге қатысты сөздердің бәрі кірме сөздер деп аталады. Қазақ тілінде араб-парсы, моңғол, орыс тілінен енген сөздер көп кездеседі. Сонымен қатар тілімізде орыс тілі арқылы енген басқа шеттілдік сөздер де бар болса, кейінгі кезеңдегі шетелмен қарым-қатынастың арта түсуі шеттілдік сөздердің де көп қолданылуына алып келді.	
Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады, оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады.	moderator (-dyń, -y, -ǵa, -lar), marker (-diń, -i, -ge, -ler), stepler (-diń, -i, -ge, -ler), vaıcher (-diń, -i, -ge, -ler), sypervaizer (-diń, -i, -ge, -ler), banknot (-tyń, -y, -qa, -tar), bankomat (-tyń, -y, -qa, -tar), planshet (-tiń, -i, -ke, -ter), onlain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), oflain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), dizain (-nyń, -y, -ǵa, -dar), barmen (-niń, -i, -ge, -der), blokbaster (-diń, -i, -ge, -ler).
Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады.	taıar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poıyz, siez, slesir, vedimis, vedimistik, ketchup.
Латыннегізді қазақ әліпбиі сөзіміздің қазақ тілінің өзіндік табиғатына сай қолданылуына бейімделіп жасалған. Сондықтан қазіргі кирилл жазуындағы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді одан 8 әріп (ё, ц, щ, ь, ё, ю, я) қысқартылғанын атап айтуымыз керек. Бұл әріптер әліпбиімізде жоқ болса да, мұндай әріптермен келген сөздерді қазақ тілінің айтылымына сәйкестендіре айтып, басқа әріптермен жазамыз.	
ё әрпі о әрпімен таңбаланады. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.	manóvr (-diń, -i, -ge, -ler), brýselóz (-diń, -i, -ge, -der), aktór (-diń, -i, -ge, -ler), amóba (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), dirijór (-diń, -i, -ge, -ler), rejsiór (-diń, -i, -ge, -ler).
ц әрпі және сц әріп тіркесі s әрпі арқылы жазылады.	sırk, sement; desimetr, proporsional, kvars, korporasia, senarı, abses, plebisit.
щ әрпі sh әрпімен жазылады.	ýchilisce, praporshik, borsh, shı (taıam).
э әрпі е әрпімен жазылады.	element, elevator, poetika, koefisent.
ю әрпі ў әрпімен жазылады, ал қосымшалары соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.	parashút, absolút, glúkoza, debút, prodúser, lúks, valúta, búdjet, búro, sújet, búleten, fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivit.
я әрпі á әрпімен жазылады. Соңғы буынында á әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады.	zarád, knáz, narád, razrád, grıláj; kúnásina, kúnásinan, kýásina, kýásinan, kúnáǵa, kúnádan, kínaláy, shúbálaný, kýáǵa, kýádan, kúmánǵa, kúmándaný.
Ескерту: и (і) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: aksia, alergıa, himia, gimnazia.	

Латыннегізді жаңа әліпбиімізде жоқ болғандықтан қазақ жазуында жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ) қолданылмайды.

Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: ansámbl (-diń, -i, -ge, -der), asfált (-tiń, -i, -qa, -ta), álbatros (-tyń, -y, -qa, -tar), álbum (-nyń, -y, -ǵa, -dar), álfa (-nyń, -ǵa), álmanah (-tyń, -y, -qa, -tar), álpinis (-tiń, -i, -ke, -ter), álternativ (-tiń, -i, -ke, -ter), bálzam (-nyń, -y, -ǵa, -dar), batalón (-niń, -i, -ge, -der), búldog (-tyń, -y, -qa, -tar), búldozer (-diń, -i, -ge, -ler), dúbl (-diń, -i, -ge, -der), gólf (-tiń, -i, -ke, -ter), gastról (-diń, -i, -ge, -der), koról (-diń, -i, -ge, -der), medalón (-niń, -i, -ge, -der), múlftılm (-niń, -i, -ge, -der), т.б.

Жаңа емпе

Новый алфавит

New alphabet

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУДІҢ 7-8 САБАҚТАРЫ

Сабақты жүргізуші: Нұрбол САДУАҚАС,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент



7 – САБАҚ БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Жазудың ең басты талабы – айтылған ойды дәл жеткізу. Егер емле ережелері тиянақсыз болса, жазатын адамға да, оны оқитын адамға да қолайсыздық туғызады. Сондықтан жазу емлесі нақты талаптарға сүйенеді. Емле – ана тіліміздің, ұлттық жазу мәдениетіміздің өзіндік ерекшелігін танытатын бір көрсеткіші. Ауыздан шыққан әр дыбысты, сөзді, сөйлемді таңбалап, қағазға түсірудің барлық заңдылықтарын сақтау үшін емле ережелеріне ерекше назар аударған жөн. Әр сөйлемнің алғашқы сөзі бас әріппен басталып жазылады. Ал сөйлем ішіндегі сөздердің қандай жағдайда бас әріппен жазылатындығын білудің маңызы зор. Бас әріппен жазылған сөз белгілі бір қызмет атқарып тұрады.

Әрбір жаңа сөйлем бас әріппен жазылады.	Qonaqúide, dóńgelek ústel ústinde qyzǵylyt, kúńgirt sáylesi bar tas sham janyp tur. Qyrın otırǵan ákesiniń úlken kesek pishini Abaiǵa jartylai ǵana kórinedi (M.Áyезov).
Өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталып жазылады.	Paida oilama, ar oila, Talap qyl artuq bilýge. Artuq bilim kitapta, Erinbei oqur kórýge (Abai).

Жазуда жалқы есімдер бас әріппен жазылады. Біртектес бірнеше заттардың ішінен бөлініп алынған және жеке немесе дара заттарға берілген атауларды білдіретін зат есім сөздерді жалқы есім деп атайды. Жалқы есім сөздерді өз арасында бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады.	Dýlat Saǵynuly Berdáli, Qyrmyzy Nábiqzy Seidimbek.
Кісі есімдеріне және -ов, -ев жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады.	Álihanıyń, Álihanǵa; Kúnsulýdyń, Kúnsulýǵa; Nábievanıyń, Nábievke; Baıǵaraevanıyń, Baıǵaraevqa.
Ескерту: Соңғы буыны ә-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар жуан жалғанады: Kúlaşh-qa, Kúláı-ǵa, Bilál-ǵa.	
Екі сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады.	Tóremurat, Aısáyle, Saqypjamal, Ábilqasym, Batyrhan, Tursynzada, Aıǵúl, Aqylbek, Jaqsymbai, Shárbanı, Toqqoja, Nurbol, Nurdıldá, Bibihanym, Ahmetqazy.

Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады.	Aıǵyz, Baigeldi, Jumaǵul, Qaragóz, Kenjáli, Bibajar, Qojahmet.
Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады.	Ysqaq, Yrsjan, Yrsaldy, Ysmaiyl немесе Symaiyl, Muhambet, Ybyraıym, Bátima, Qasen, Qusaiyn, Qadisha, Pazyl, Ábdiqadir, Álbeybarys.
Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер сөз басында бас әріппен, сөз ортасында кіші әріппен дефис арқылы жазылады.	Ábýnasyr ál-Farabi, Leonardo da Vinchi, Janna d'Ark, Fon der Gols, Liýdvig van Bethoven, Ál-Farabi. Leonardo da Vinchi (-dıń, -ge); Fon der Gols (-tyń, -qa); Viłgelm fon Gymboldt (-tyń, -qa).
Көрсетілген есімдерге қосымшалар буын үндесіміне сәйкес жалғанады.	
Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады.	Jelataq, Jeztyrnaq, Saqqulaq, Taysoǵar.
Құрамында би, жырау, ата, ана, батыр, абыз, ақын, баһадүр, хан, сері, сал, датқа, сұлтан, қажы, сұлу, бегім, ханым, мырза сөздері бар ұлттық-мәдени қоғамдастыққа танымал кісі есімдерінің алдыңғы сыңары – бас әріппен, екінші сыңары кіші әріппен бөлек жазылады.	Mónke bi, Buqar jyraý, Adam ata, Haýa ana, Qorqyt ata, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baiserke abyz, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylai han, Aqan serı, Birjan sal, Baizaq datqa, Baraq sultan, Qunanbai qajı, Baian sulý, Aisheker hanym, Rabia begim.
Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады.	Úkili Ybyrai, Qyz Jibek, Máshhúr Júsip, Qazdaǵysty Qazybek bi, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylandy, Jalaı Musa, Er Tóstik.
Жануарлар мен құстарға қойылған күрделі атаулар бас әріппен және бірге жазылады.	Aıtóbel, Qoiankók; Bóribasar, Aqtós, Qaratorǵai.

Жалқы есімдердің бір тобы жер бедері, жер-су және аспан денелері атауларына қатысты болады. Бұлар топоним, географиялық және астрономиялық атаулар ретінде бас әріппен жазылады.

Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады.	Alataı, Jetisý, Ertis, Jaiyq; Kún, Al, Jer, Sholpan, Jetiqaqashy, Súmbile, Úrker.
Мұхит, асу, арал, құм т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады.	Qara teńiz, Tynyq muhity, Kúngei asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.
Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер-су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады.	Qara teńiz, Tynyq muhity, Kúngei asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.
Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады.	Araltóbe, Úsharal, Kókshetaı, Betpaqdala, Jarkent, Marqakól, Saryarqa, Saryaǵash, Jańaarqa.
Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады.	Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Úrtas-Aıdos jerasty sýy, Sairam-Ógem ulttyq parki, Balqash-Alakól oıysy.

Жалқы есімдер құрылысы жағынан дара және күрделі болады. Жалқы есімдер ішінде бірнеше сөзден құралатын күрделі атаулардың жазылу емлесінің де кейбір ерекшеліктері бар.

ника большой заряд энергии перед новыми горизонтами своей жизни.

Мое курортное путешествие продолжилось в областном центре, в городе Актау. Друзья и сокурсники, проживающие здесь, всюду сопровождали меня, хвалясь своей малой родиной. Актау - небольшой город, где построено много интересных зданий. Меня как будущего металлурга, человека приближенного к полезным ископаемым, интересовали вывески на офисах крупных компаний по добыче и обработке газа, нефти и прочих ископаемых в округе. Когда мы приблизились ближе к Набережной, меня просто свел с ума запах моря, издали-ка был виден красивый Каспий. Здесь теряешь счёт времени,

Есенов Нурлан
Возраст: 21 год.
Родом из города Шалкар Актюбинской области.
Старший ребёнок семьи, есть двое младших братьев.
Мечтал стать лётчиком, но поступил на металлурга.
Успешный студент, староста группы, активист.
Неоднократный участник молодежных форумов в г.Нур-Султан.
Хобби: спорт, интересное кино, музыка.

хочется просто сидеть возле побережья и мечтать о многом. Под шум моря, пение птиц. Я зашел в море по колено. Вода была холодная, не как в Жанаозене. Оказывается, это объясняется тем, что накануне здесь прошёл ливень. Кстати, дожди в разгар лета очень редки для этой местности. Я для себя отметил это добрым знаком. Как говорят казахи «нұр жауды». Значит, все в моей жизни будет как задумано.

До скорой встречи, загадочный Мангистау!



Бәқытты астана – Бістаның


(Жалғасы. Басы 8-9 беттерде)

Ежелгі өркениет тамашалары

Тағлымдаманың соңғы күні сенбіге сәйкесті. Ыстанбұл шаһарындағы ежелгі өркениеттің бай мұраларын кәсіби таныстыру үшін Ismet Biner жолнұсқаушы (гид) Mustafa Altugты шақырыпты. Әсер – ғұмырлық!

Sultanahmet Camii

Әлемдегі ғажайып архитектуралық туынды болып саналатын Сұлтан Ахмет мешітінің ислам мәдениетіне сыйлаған шапағаты орасан. Ауызда көбіне көк мешіт деп аталады. Мешіт 1609 -1616 жылдар аралығында сол кездегі Осман империясының падишағы I Ахметтің әмірімен салынған екен. Ол заманда Осман империясы Австрия және Иран елдерімен соғыс жүргізіп жатқан, жеңіске жете алмай, сәтсіздіктерге ұшырап, күйрей бастаған кезде, 19 жасар I Ахмет патша Алладан мейірім тілеп, жаңа мешіт салуды бұйырады. Оған дейін түрік сұлтандарының бірде бірі мешіт салдырмапты. Мешіт 6 мұнаралы, биіктігі 43 метр, ал диаметрі 23,5 метр ауқымды алып жатқан көк күмбезбен көмкерілген. Бас сәулетшісі – Седефкар Мехмет Ага. Мұражай ғана емес, жұмыс істеп тұрған мешітте намаз уақытында туристер сырт-



қа шығарылып, құлшылық жасайтын жамағат қана қалады. Бұл тарихи кесене жиі жөндеуден өткізіліп, әр бұрышы көз қарашығындай ұқыпты

сақталады екен. Біз болғанда да бір шеті жөнделіп жатты.

Торкарі Sarayı

Торкарі Sarayı Ыстанбұлдың туристер ағылатын ең көне тарихи орны. Осман империясының бас сарайын Мехмед II сұлтан түрік шапқыншылығынан қираған Константинополь қаласы-




ның үйінділерінің үстінен 1475-78 жж. тұрғызыпты. 1923 жылдан бері музей екен. Аралап жүріп өзіңізді 1001 түн ертегісінің кейіпкеріндей сезінесіз. Аумағы 700 мың шаршы метр. 4 ауласы бар. Диван (үкімет ғимараты) сол қалпында тұр. Осман империясының қару арсеналын да сол жерде көрдік. 400 жылда 25 сұлтан өмір сүрген сарай. Солардың бірі Сүлеймен сұлтанның кезіндегі сарай тіршілігін бейнелейтін «Ұлы ғасыр» түрік тележобасы естеріңізде болар.. Сериалды түсірушілер оған қаражатты аямаған. Аумағы 5000 шаршы метр алатын павильон, оған 3000 метр ашық алаңға орналастырылған аула, тар көшелер мен бақшалардың декорациясын қосыңыз, осылайша Торкарі сарайының көшірмесін жасаған. Қоюшы-суретші Зафар Кһылмаздың басшылығымен жүзеге асқан бұл іске күмәнмен және әжуамен қарағандар көп болған. Ақырында сериал табысы күткеннен де асып кеткен. Оның арқасында Торкаріге ағылған туристердің санында әлі есеп жоқ.

Ұзындығы 5 шақырым алатын бұл қалашықты асықпай аралау керек шығар. Біз көп аялдамай жүріп өттік. Іркілгеніміз ғимаратын да Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с) шапаны,

қылышы, сақалының талдары, өкшесінің өлшемі сақталған үй. (Жәдігерлерді фотоға түсіруге рұқсат жоқ) Сондай-ақ ғимаратта оның сүйікті қызы Фатима мен сүйікті немересі Хасанның да сыртқы киімдері ілүлі. Бұл жәдігерлерді 1517 жылы Салим сұлтан сарайға жеткізген. Мұнда хафиздер алмасып, күн ұзақ құран оқиды. Туристердің ішке кіруге кезекке тұрып, ерекше әсерге бөленетін жері осы..

Ayasofya

Ыстанбұлдағы көне сәулет үлгісінің бірі - Ayasofya мұражайы. Он бес ғасырлық шежіресі бар. Византия императоры Константин (324-337) салған, бүгінде іші ислам және православ діні нысандарының әдемі үйлесімімен таңдандыратын ғажайып ғимарат. Талай заманды ба-сынан өткізіп, қиратылып, қайта жөндеген шіркеудің осы күнге сақталып қалуында Осман им-



периясының сұлтаны Мехмед II нің еңбегі бар. Ол Константинопольді тізе бүктірген 1453 жылы (бір назар аударатыны, біз тағлымдамаға барған Ыстамбұл университетін де дәл сол жылы Мехмед II сұлтан ашқан) шіркеудің жан-жағына 4 мұнара тұрғызып, ішіндегі православ дінінің адам мен жануарлар бейнеленген мозаикаларын көрсетпеу үшін үстінен сылап тастаған. Бірден көз жауын алатын аспалы шамдар да Осман империясы тұсында ілінді. Күмбезінің диаметрі 31 метр, ислам медальондарының диаметрі — 7,5 метр. Үш қақта арқылы кіруге болады. Екі қабаттан тұрады. Уақыт тар болып, ұзақ аралай алмадық. Бір сәттілігі кешке таяу барғанымыз.

Күндіз келушілерден ине шаншар жер болмай қалады екен. Сондықтан жабылуына бір сағат қалғанда мұражайға билет сатылмайды. Жұмыс уақыты 9.00 - 19.00.

(Жалғасы 15-бетте)

☑ Main news

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА 95 ЖАСТА

ҚР ҰҒА академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткер, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықова 95 жасқа толды.

Қазақ тіл біліміне қосқан қомақты үлесін айтпағанда, әлемдік тіл ғылымын да мойындатқан, өмір жолы өнеге, беделді тұлғаның мерей тойы барша қазаққа ортақ. Рәбиға Сәтғалиқызы бүгінге дейін ғылымнан қол үзбей, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері болып еңбек етеді. Ол қазір 2025 жылға дейін мемлекеттік тілді латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру жұмыстарына ат салысуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мерей тойы қарсаңында Рәбиға Сыздықованы бірінші дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

РАБИҒЕ СЫЗДЫКОВОЙ 95 ЛЕТ

Академик НАН РК, обладатель премии имени Шока-на Уалиханова, заслуженный деятель науки РК, обладатель Государственной премии, доктор филологических наук, профессор Рабига Сыздыкова отметила свой 95-летний юбилей.

Известный учёный внесла вклад в развитие казахско-го языка в научном аспекте, её работы были признаны



зарубежными коллегами. Рабига Сатигалиевна в течение всей жизни непрерывно занимается наукой, продолжив свои изыскания после выхода на пенсию в должности главного научного сотрудника Института языков имени Ахмета Байтурсынова. Сейчас она принимает активное участие в переводе казахского языка на латинскую графику, запланированного в стране к 2025 году.

Глава страны Касым-Жомарт Тоқаев наградил Раби-гу Сыздыкову орденом «Барыс» I степени за особые заслуги в общественной деятельности, а также значительный вклад в развитие отечественной науки в канун юбилея ученого.

RABIGA SYZDYKOVA IS 95 YEARS OLD

Academician of NAS RK, winner of the Shokan Ualikhanov prize, honored scientist of RK, winner of the state prize, doctor of Philology, Professor Rabiga Syzdykova celebrated her 95th anniversary.

The famous scientist contributed to the development of the Kazakh language in the scientific aspect, her works were recognized by foreign colleagues. Rabiga Satigaliyeva throughout life continuously engaged in science, continuing his research after his retirement as a chief researcher of the Akhmet Baitursynov Institute of languages. Now she takes an active part in the translation of the Kazakh language into Latin graphics, planned in the country by 2025.

The Head of the country Kasym-Zhomart Tokayev awarded Rabiga Syzdykova the order of «Barys» I degree for special merits in social activities, as well as a significant contribution to the development of national science on the eve of the anniversary of the scientist.



СПОРТШЫЛАР МЕРЕКЕСІНДЕ СУ СПОРТЫ КАНОЭ ЖӘНЕ БАЙДАРКАДА ЕСУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ

Спортшылар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шараға облыс әкімі Оңдасын Оразалин арнайы қатысып, жас спортшылар мен спорт ардагерлерін құттықтап, өңір мәртебесіне қосып жүрген үлестері үшін алғыс айтты. Алғыс алушылар қатарында таэквондо спортының шебері, Жұбанов университетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Азамат Үсейнов те бар. Шара барысында облыста алғаш рет су спорты каноэ және байдаркада есуден жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа Батыс Қазақстан және Атырау облысынан спортшылар келіп қатысты. Сонымен қатар, «Мерген» және «Стрела» садақ ату клубтарының таныстырылымы өтті.

В ДЕНЬ СПОРТА ПРОШЛИ СОРЕВНОВАНИЯ ПО ВОДНОМУ СПОРТУ КАНОЭ И ГРЕБЛЕ НА БАЙДАРКАХ

В мероприятии в честь Дня спорта принял участие аким области Оңдасын Ураза-

лин. Он поздравил молодых спортсменов и ветеранов, вручив лучшим Благодарственными письмами. Среди награждённых мастер спорта по таэквондо, студент 3 курса специальности «Физкультура и спорт» университета Жубанова Азамат Усейнов. Впервые в День спорта был организован турнир по водному спорту каноэ и гребле на байдарках. В соревновании приняли участие спортсмены из Западно-Казахстанской и Атырауской областей. Также была проведена презентация стрелковых клубов «Мерген» и «Стрела».

ON THE SPORT DAY THERE WERE COMPETITIONS IN WATER SPORTS CANOE AND KAYAK

The event in honor of the day of sport was attended by the akim of the region, Ondasyn Urazalin. He congratulated the young athletes and veterans, giving the best letters of Thanks. Among the recipients of the master of sports of taekwondo, a 3rd course student of the specialty «Physical culture and sports» University Zhubanov Azamat Useynov. For the first time on the Day of sports was organized a tournament in water sports canoe and kayaking. The competition was attended by athletes from West Kazakhstan and Atyrau regions. There was also a presentation of shooting clubs «Mergen» and «Strela».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЙ ЖАҚҚА КӨШУДЕ?

Жақында осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізген Zakon.kz сайты елімізден ағымдағы жыл басынан бері 20 мың адам көшіп кеткенін жазды. Бұл көрсеткіш өткен жылдағыдан 17%-ке өсіпті. Қоныс аударушы қазақстандықтардың көбі жайлы өмірді Ресей, Өзбекстан, Германиядан іздепті, кетушілердің басымы Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарынан. Қоныс аударатындар арасында қалалықтар көп, аталған санның 17 мыңға жуығын құрайды.

Өзірге Қазақстанға көшіп келушілер саны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда аздау, барлығы 6 мыңға жуық адам, біздің елге көшіп келушілер мұнайлы өлке Маңғыстауды, әсем Алматыны, ел астанасы – Нұр-Сұлтанды, шұрайлы Шымкентті таңдапты.

КУДА ПЕРЕЕЗЖАЮТ КАЗАХСТАНЦЫ?

Проведённое недавно исследование портала Zakon.kz, привело к интересной статистике. С начала года из страны уехало 20 тысяч человек. Этот показатель на 17% выше прошлогоднего. В погоне

за «хорошей жизнью» казахстанцы чаще уезжают в Россию, Узбекистан, Германию. Большая часть переселенцев из Восточно-Казахстанской, Костанайской, и Карагандинской областей. 17 тысяч из переехавших - жители города.

Число прибывших в Казахстан в сравнение с прошлым годом заметно ниже - всего 6 тысяч человек. В основном резиденты других стран поселились в Мангистауской области, Шымкенте, Алмате и Нур-Султане.

WHERE KAZAKHSTAN CITIZENS MOVE?

A recent study of the portal Zakon.kz, led to interesting statistics. Since the beginning of the year from the country 20 thousand people. This figure is 17% higher than last year. In the pursuit of «the good life» Kazakhs often go to Russia, Uzbekistan, Germany. Most of the immigrants from East Kazakhstan, Kostanay, and Karaganda regions. 17 thousand of those who moved are residents of the city.

The number of arrivals in Kazakhstan in comparison with last year is much lower - only 6 thousand people. Mostly residents of other countries settled in Mangistau region, Shymkent, Almaty and Nur Sultan.

Жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова



Gözleme

Тарихы тұнған шежіре – Ыстанбұл қаласын көшкір жеттік. Мәскеу арқылы ұзақ жолдан шаршағасын ба, әлемдік маңызға ие «Ыстанбұл» әуежайының зәулім ғимараты алғашында онша әсер еткен жоқ. Есімде қалғаны, трансфер аймағына дейін өте ұзақ, діңкелеп 15 минуттай жүргеніміз. Оның үстіне жаңбыр жауып, күн бұлыңғыр тартып тұрды. Әуежайдан бері шыға Ыстанбұлдың әсем панорамасы жарқ етті. Микроавтобус ішіндегі серіктерім: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Замзагүл Сүлейменова, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бақтыгүл Құрманова, техника ғылымдарының магистрі, оқы-



тушы Гаухар Ерекеева және техника ғылымдарының магистрі, оқытушы Альбина Ерсайыновамен жолдың бір жағындағы әдемі табиғатқа тамсанып, екінші жағындағы аспанмен таласқан көпқабатты үйлерді тамашалап, көңілденіп сала бердік. Байқағаным, Ыстанбұлдың заманауи сәулеті енді аз уақыттан кейін мүлдем өзгеретін тәрізді. Мұнара-лы, егіз, көк тіреген ғимараттар қатары мол. Бұл Ыстанбұлдың жаңа келбеті.

Avclar (Авджылар) ауданындағы Nokta Suites Hoteline дейін 52 шақырымды өтіп, бізді күтіп отырған профессор Ismet Binerмен табысқаннан соң, жол жүгімізді тастап, бірден жуық маңдағы Kervansaray мейрамханасына кешкі ас ішуге бардық. Әсіресе сырттай естіген, ыстықтай ұсынылған түріктің ұлттық шелпегі Gözlemeniң (өзге халық Гезлеме дейді) дәмі таңдайда қалды. Gözlemeniң атауы түрікше göz (көз) сөзімен байланысты. Шынында да зейін салғанда дайын Gözleme көзге ұқсайды. Жолдан әлсіреп, өзге асқа тәбет болмай қалғанын сезген даяшы жас жігіт лезде үстел үстіндегі ауыз тиеген тағамдарды контейнерге ұқып-тап салып, қолымызға ұстатып жібергенде түрік халқының тепі бір Көкбөрінің ұрпағы деп санайтын қазақ бауырларына деген ыстық ілтипатын сезініп, жүрек жылып қоя берді.

...Ертесіне Ыстанбұлдықтармен бірге 16-шілде — Түркияның Демократия және ұлттық бір-

лік күнін мерекеледік. Көшеде қыдырып, Saray et sas tava кафеcінде есімі қазақша Aynur Keskinнің ет бұқтырған аспаздық өнеріне тәнті болып, tas kebar дәмін таттық. Тағы да сүйікті шелпегіміз Gözleme жедік. Осылайша Ыстанбұл университетінің цифрландыру саласындағы тәжірибелерінен тағлымдама алу сапарымыз Ыстанбұл қаласының тыныс-тіршілігімен танысудан басталды..

Түрік смартжөргектері

Жазғы тағлымдама кезінде Ыстанбұл университетінің технокенті (Istanbul University teknoenti) жұмысымен толық таныстық. Цифрлық технология саласындағы жетістіктерінің қайнар бұлағы осы жерден басталады. Технокент Мәрмәр теңізінің жағасында орналасқан, жан-жағында жасыл желегі жайқалған шырайлы мекен. Жаздың ортасында адамның көп болуы таңырқатты. Толыққанды жұмыс күні қызып жатты. Асханада түскі ас кезін-



де кезек. Сөйлесе келе мұнда 30-дан астам жеке фирмалар мен компаниялар орынды жалға алатынын білдік. Бірақ, жай емес, ғылыми ізденістермен шұғылданатындар. Жобалар алуан түрлі.

Ыстанбұл университетінің технокентіндегі зерттеушілердің 90 пайызы осы оқу орнында білім алушылар. Алайда оларды мұнда соңғы курстарда ғана қабылдайды. Қазір жазғы каникул кезі

болса да технокент іші толы жас. Олар оқудан босаған сәтті пайдаланып, мұнда жыл бойы тоқтамайтын ғылыми жобаларға қатысып, үйреніп, бір жағынан ғалымдарға көмектесіп, нәпақа да табады. Болашақ білімді жастарда екені осы жерде анық байқалады. Компьютерден бас алмай, алған тапсырмасына ыждағатпен берілген, тілдесе қалсаңыз ағылшынша сайрап тұр.

Технокенттің негізгі бағыттары болып энергетика, машина жасау, химия, биотехнология, электроника, денсаулық, информатика және бағдарламамен қамтамасыз ету салалары саналады екен. Құрылған жылы-ақ (2011) 33 жобаны жүзеге асырып, 1 млн.186 мың лира пайда тапса, өткен (2018) жылғы табыстары 386,5 млн. лираны құрапты. Бұл 144 жобадан түскен қаржы. Технокент таныстырылымына қатысқан бас директор Ihsan Faik Çitlak, басқарма кеңесінің мүшесі, профессор Ismail Kirbaslar, профессор Ismet Biner, технокент қызметкерлері Hasan Kömürçü, Kadir Yilmaz бізбен тілдесу кезінде соңғы жаңалықтарымен бөлісті. Университет биохимиктері смартжөргектер өндірісіне үлес қосыпты. Білуімізше түрік өндірушілерінің жөргектері Қазақстанда да қолданысқа ене бастады. Танымал брендтер Pampers пен Huggiesке бәсекелесуге «қаймықпайтын» түрік жөргек брендтері: Lulla Baby, Predo т.б. үш есе арзан және сапасы жағынан да кемі жоқ. Енді түрік жөргек өндірушілері Ыстанбұл университетінің биолог және химиктерінің көмегімен сәбидің үнемі құрғақ болуын ғана емес, оның денсаулығын толық бақылай алатын смартжөргектер шығара бастаған. Осы көктемде жоғарыда аталған дүниежүзілік жөргек брендтер өндірушілері де бір-бірімен жарыса смартжөргектер ойластырып, сатылымға жібергенін естігенбіз. Түрік ғалымдары мен өндірушілерінің жеделдігіне, елжандылығына, намысқойлығына, ең бастысы жаңа инновациялық тәсілдерді меңгере кететін кәсіби мамандарының дайын тұратынына қызығып қалдық. Айта кетейін, Түркияда сатылымда тек өз жөргектері. Өзгесін мүмкін интернет арқылы табуға болатын шығар. Жергілікті тұрғындар түрік

өндірушілерінің жөргектеріне риза, таралуы мен сатылымына орай мәселе жоқ.

Жұбанов университетімен халықаралық серіктес Ыстанбұл университеті жайлы сәл айта кеткен жөн болар. Түркиядағы ең ежелгі бұл жоғары оқу орнының қабырғасы 1453 жылы Мехмед Фатих сұлтанның ықпалымен қаланған. Бүгінде әлемдегі ең мықты 500 университет қатарына енген Түркиядағы бірінші және әзірге жалғыз ЖОО. XX ғ. 30 жылдарына дейін түрлі трансформацияны бастан кешіріп, қазір құрамында 17 факультет, 13 мектеп, 15 институт және 26 орталық жұмыс істейтін алып ЖОО. 60 мың студент, 8 мың аспирант білім алып жатыр екен. Жаңа оқу жылына талапкерлерден құжат қабылдау наурыз-сәуір айларында өткізіледі. Түркияның бірнеше президенті, премьер-министрі жоғары білім алған оқу орнында оқығысы келетіндер қатары жеткілікті. Сондықтан біздің елде сияқты мұнда талапкерлерге «талас» жоқ. Жеке

сайтында да, көше бойында бір-екілі елеусіздей жарнамалық панноны ғана көз шалды.

Тіл жанашыры – компьютер инженері

Осыған дейін Ақтөбеге бірнеше рет келіп кеткен Ыстанбұл университетінің профессоры, компьютер инженері Atakan Kurt бізге қонаққайлық танытып, отельден лекцияларына өзі алып кетті. Бұрын интервью алғаным бар, жылышұрай амандастық. Көзім конъюнктивит болып, мазасызданып тұрғанымды естіп, дәрі алып берді. Жақсы-



ны жүзінен тануға болады. Технокентке кіргеннен Atakan Kurt беудің өте құрметті екенін сездік. Соған қарамастан бұл кісі тым қарапайым. Сабағын өткізіп, асханаға дейін барып, қалаған дәмімізді сұрап, өзі әкеліп, үлкен-кішімізге қызмет көрсетті. Кешкісін қонақасы бергісі келетінін айтып, бос уақытымызды сұрап алды. Біз Мәрмәр теңізін көргіміз келеді деп шуладық.

Профессор Atakan Kurtтың Жұбанов университетімен біргеліктегі жобасы оның айтуынша үш жылға шамаласа нәтиже бермек. Қаз-қатар компьютерлерде жоба бойынша жұмыс істеп жатқан қызметкерлер бізбен танысуға ғана бой тіктеді.



Бәрі жастар. Сондай-ақ жобаға филологтар, түрік тарапынан Ismet Biner, қазақ тарапынан профессор Гүлжан Шоқым ат салысуда. Жоба жемісті жүзеге асса латын әліпбиіне көшудегі қадамдарымыз жеңілденбек. Жеңілденіп қана қоймай, зерттеушілерге, әсіресе лингвистерге бірнеше тілден аударып, мәтін талдау оңай болады. Себебі, компьютер мәтін аудармасын бірден шығарады. «Осыған дейін түрікмен тілін зерттеген едім. Соның барысында басқа да түркі тілдес халықтардың тілдеріне қызыға бастадым. Магистратурада, докторантурада оқитын шәкірттеріммен бірге бүгінде түркі тілдес халықтардың тілдерін зерттеу-

Atakan Kurt. Оның компьютерлік инженерия саласында жұмыс жасап жүргеніне 20 жылдай болған екен. Негізі аталмыш жобада түрік, түрікмен және әзірбайжан тілдері бағдарламаға енгізілген. Қазір ұйғыр, қазақ және татар тілдерінде бағдарламалар жасалып жатыр. «Қазіргі уақытта, мысалы, Қазақстанда жаңа әліпбиге көптеген еңбекті кирилицадан аудару керек мәселелері бар, сол сияқты біздің де Осман империясы кезіндегі еңбектерді аудару мәселесі тұр, оларды да қалыптастырып жатқан бағдарламалар бар. Аударылмаған кітаптар әлі көп. Латынға көшудің күрделі жағы осы.. Дегенмен, Түркия мен Қазақстан жағдайы екі түрлі. Бізде бір күннің ішінде арабшаны алып тастап, латынша қолдандық. Қалай қаулы қабылданды, өттік те кеттік. Ал, сіздерде үрдіс ақырындап жүріп келе жатыр. Бізде тек бір ғана тіл — түрік тілі ғана, арабша тек негізгі сөздерде қолданылады. Түріктер арабша тіл білмейді, ал сіздерде қазақ және орыс тілдері қатар жүреді, екеуін де білесіздер. Сіздер жаңа алфавитке өтсеңіз де орыс тілінде оқуды жалғастыра бересіз. Орыс тілін алып тастамайсыздар, біздерге қарағанда сіздерде жүйе басқашалау. Сондықтан, орыс тілін білмегесін дұрыс емес болжам айтқым келмейді. Дегенмен, жалпы алғанда латын әліпбиіне өтудің мүмкіндіктері зор. Әсіресе түрік тектес халықтардың бір-бірін түсініп, жақындасуында ықпалы орасан болмақ. Себебі адамдарды бөлетін де, жақындастыратын да әліпби ғой», -дейді ол. Шынында да, егер латын графикасына өтсек, Atakan beумен тілмашсыз түсінісер едім деп қоямын іштей. Арадағы сұқбаттар ағылшын тілінде жүрді. Оған сапарлас әріптесім, тіл маманы Замзагүл Сүлейменова жәрдемдесті. Профессор Atakan Kurt жоғары білімді Америкада алыпты, магистратура және докторантура-ны да сонда бітірген екен. Сондықтан ана тілінен кейінгі жатық тілі — ағылшынша.

... Atakan beу бізді Мәрмәр теңізі жағасындағы Florya бағына апарып, жас балықтың етінен дәм таттырды. Осы бақта отбасымен жиі қыдыратынын айтты.

(Жалғасы 10, 15-беттерде)